



БҮЙРЫҚ

27.01.2017 ж. № 34

Астана қаласы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы

ПРИКАЗ

город Астана

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ

НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІ

20 14 ж. « 14 » 02

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізіліміне № 14810

болып тіркелді

БҮЙЫРАМЫН:

1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің кейбір бұйрықтарына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) «Тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 12 желтоқсандағы № 4-2/664 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10190 болып тіркелген, 2015 жылғы 1 сәуірде «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялау қағидалары осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

2) «Тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 6 мамырдағы № 4-2/419 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11455 болып тіркелген, 2015 жылғы 23 шілдеде «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында:

4-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) көрсетілетін қызметті берушіге, Мемлекеттік корпорацияға құжаттарды тапсырған сәттен бастап – 8 (сегіз) жұмыс күні.

Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде қабылдау күні мемлекеттік қызметті көрсету мерзіміне кірмейді;»;

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«9. Көрсетілетін қызметті алушы (немесе сенімхат бойынша оның өкілі) көрсетілетін қызметті берушіге немесе Мемлекеттік корпорацияға мынадай құжаттарды:

003697

«9. Көрсетілетін қызметті алушы (немесе сенімхат бойынша оның өкілі) көрсетілетін қызметті берушіге немесе Мемлекеттік корпорацияға мынадай құжаттарды:

1) бірегей тұқымдардың нақты өндірілген көлемдеріне субсидиялар алу үшін осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бірегей тұқымдарды өндіру жөніндегі шығындарды өтеуге субсидиялар алуға арналған өтінімді;

2) нақты сатып алған бірегей тұқымдарға субсидиялар алу үшін осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сатып алған бірегей тұқымдарға субсидиялар алуға арналған өтінімді;

3) егер элиталық тұқым өсіру шаруашылығы (бұдан әрі – элиттұқымшар) бір уақытта бірегей тұқым өндіруші (бұдан әрі – оригиналор) болып табылған жағдайда, нақты егіске пайдаланылған өзі өндірген бірегей тұқымдарға субсидиялар алу үшін осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша егіске пайдаланылған өзі өндірген бірегей тұқымдарға субсидиялар алуға арналған өтінімді;

4) нақты сатып алған элиталық тұқымдарға субсидиялар алу үшін ссы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сатып алған элиталық тұқымдарға субсидиялар алуға арналған өтінімді;

5) тұқым өсіру шаруашылығы (бұдан әрі – тұқымшар) бір уақытта элиттұқымшар болып табылған жағдайда, нақты егіске пайдаланылған өзі өндірген элиталық тұқымдарға субсидиялар алу үшін осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша егіске пайдаланылған өзі өндірген элиталық тұқымдарға субсидиялар алуға арналған өтінімді;

6) майлы дақылдардың, көпжылдық және біржылдық шөптердің, арланың, күріштің, картоптың және мақтаның нақты сатып алған бірінші көбейтілген тұқымдарына (бұдан әрі – бірінші көбейтілген тұқымдар) субсидиялар алу үшін осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сатып алған бірінші көбейтілген тұқымдарға субсидиялар алуға арналған өтінімді;

7) жүгерінің, қант қызылшасының, раптың, күнбағыстың және мақтаның нақты сатып алған бірінші үрпақ будандарының тұқымдарына (бұдан әрі – бірінші үрпақ будандарының тұқымдары) субсидиялар алу үшін осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сатып алған бірінші үрпақ будандарының тұқымдарға субсидиялар алуға арналған өтінімді;

8) нақты сатып алған жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің элиталық көшеттеріне (бұдан әрі – элиталық көшеттер) субсидиялар алу үшін осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сатып алған элиталық көшеттерге субсидиялар алуға арналған өтінімді;

9) сатып алынған элиталық тұқымдарға немесе біріші көбейтілген тұқымдарға және бірінші үрпақ будандарының тұқымдарына тиесілі субсидиялар алу үшін (элиттұқымшарға немесе тұқымшарға субсидиялар алу құқығы берілген жағдайда) осы мемлекеттік көрсетілген қызмет стандартына 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша элиталық тұқым шаруашылығы немесе тұқым шаруашылығы арқылы берілген ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің өтінімдері негізінде қалыптастырылған жыныстық өтінімді ұсынады.

Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәланыратын құжат туралы, занды тұлғаны тіркеу туралы мәліметтерді Мемлекеттік корпорацияның және көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден «электрондық үкімет» шлюзы арқылы алады.

Көрсетілетін қызметті алушылардан ақпараттық жүйелерден алынуы мүмкін құжаттарды талап етуге жол берілмейді.

Көрсетілетін қызметті беруші мен Мемлекеттік корпорацияның қызметкері мемлекеттік қызметті көрсету кезінде ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға көрсетілетін қызметті алушының, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, келісімін алады.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды:

1) көрсетілетін қызметті берушіге тапсырған кезде өтінімнің көшірмесінде құжаттар топтамасын қабылдау күні мен уақыты, құжаттарды қабылдаған лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) көрсетіле отырып, көрсетілетін қызметті берушінің кеңесінде тіркелгені туралы қағаз жеткізгіштегі белгі өтінімнің қабылданғанын растайтын дәлел болып табылады;

2) Мемлекеттік корпорацияға тапсырған кезде көрсетілетін қызметті алушыға тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беріледі.

Мемлекеттік корпорацияда көрсетілетін қызметті алушыға дайын құжаттарды беруді жеке басын куәланыратын құжатты көрсеткен кезде (не нотариалды расталған сенімхат бойынша оның өкіліне, өкілдігін растайтын құжат бойынша занды тұлғаға) қолхат негізінде оның жұмыскері жүзеге асырады.

Мемлекеттік корпорация нәтижені бір ай бойы сақтауды қамтамасыз етеді, одан кейін оларды одан әрі сақтау үшін көрсетілетін қызметті берушіге береді. Көрсетілетін қызметті алушы бір ай өткеннен кейін жүргінсе Мемлекеттік корпорацияның сұратуы бойынша көрсетілетін қызметті беруші бір жұмыс күні ішінде дайын құжаттарды көрсетілетін қызметті алушыға беру үшін Мемлекеттік корпорацияға жолдайды.»;

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«10. Көрсетілетін қызметті алушы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда Мемлекеттік корпорацияның қызметкері өтінімді қабылдаудан бас тартады және осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.»;

көрсетілген мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12-қосымшалар осы бүйрекқа 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіру мен қайта өндеу департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі баспа және электрондық түрдегі көшірмесінің ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бағылау банкіне қосу үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберілуін;




4) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары
Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі**



А. Мырзахметов



N *М. Абаев* *Г. Сүлейменов* *А. Мырзахметов*

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары –
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2017 жылғы 27 қантардағы
№ 34 бұйрығына
1-қосымша

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2014 жылғы 12 желтоқсандағы
№ 4-2/664 бұйрығымен бекітілген

Тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялау қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) жергілікті бюджетте тиісті қаржы жылына көзделген қаражат есебінен және шегінде тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялау (бұдан әрі – субсидиялар) тәртібін айқындайды.

2. Өнімділік және басқа да шаруашылық бағалы белгілері бойынша ең жақсы нәтижелері бар сорттардың және будандардың тұқымдары басым тәртіппен субсидияланады (сорттардың және будандардың сипаттамасы жөніндегі ақпарат <http://www.mgov.kz> сайтында орналастырылған).

2-тарау. Субсидия алушылар

3. Субсидиялар:

1) бірегей тұқым өндірушілердің (бұдан әрі – оригиналатор) бірегей тұқымдардың нақты өндірген көлемдеріне жұмсалған шығындарын ішінара отеуге;

2) элиталық тұқым өсіру шаруашылықтарының (бұдан әрі – элиттұқымшар) нақты сатып алған бірегей тұқымдарына жұмсалған шығындарды ішінара отеуге;

3) элиттұқымшар бір уақытта оригиналатор болып табылған жағдайда, элиттұқымшардың егіске нақты пайдаланған өзі өндірген бірегей тұқымдарына кеткен шығындарын ішінара отеуге. Бұл ретте, элиттұқымшардың шығындарын ішінара отеу элиталық тұқымдардың

жоспарлы өндіру көлемін қамтамасыз ету үшін бірегей тұқымдардың ғылыми негізделген қажеттілігін есепке ала отырып жүргізіледі;

4) тұқым өсіру шаруашылықтарының (бұдан әрі – тұқымшар) және ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің (бұдан әрі – ауылшартауарөндірушілер) нақты сатып алған элиталық тұқымдарына жұмсалған шығындарын ішінара өтеуге;

5) тұқымшар бір уақытта элиттұқымшар болып табылған жағдайда, тұқымшарлардың егіске нақты пайдаланған өзі өндірген элиталық тұқымдарына кеткен шығындарын ішінара өтеуге. Бұл ретте, тұқымшардың шығындарын ішінара өтеу элиталық тұқымдардың жоспарлы өндіру көлемін қамтамасыз ету үшін элиталық тұқымдардың ғылыми негізділген қажеттілігін есепке ала отырып жүрізіледі;

6) ауылшартауарөндірушілердің майлы дақылдардың, көпжылдық және біржылдық шөптердің, арпаның, күріштің, картоптың және мақтаның нақты сатып алынған бірінші көбейтілген тұқымдарына (бұдан әрі – бірінші көбейтілген тұқымдар) жұмсалған шығындарын ішінара өтеуге;

7) ауылшартауарөндірушілердің жүгерінің, қант қызылшасының, рапстың, күнбағыстың және мақтаның нақты сатып алынған бірінші ұрпақ будандарының тұқымдарына (бұдан әрі – бірінші ұрпақ будандарының тұқымдары) жұмсалған шығындарын ішінара өтеуге;

8) ауылшартауарөндірушілердің жеміс-жидек дақылдары мен жұзімнің элиталық көшеттерін (бұдан әрі – элиталық көшеттер) нақты сатып алуға жұмсаған шығындарын ішінара өтеуге арналады.

3-тарау. Субсидияларды алу талаптары

4. Субсидиялар субсидиялауға жататын тұқымдар егілген тиісті аланда жер пайдалану және (немесе) жеке меншік құқығында ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер участкері бар болған жағдайда беріледі (жиынтықта).

5. Осы Қағидалардың 3-тармағы 1) тармақшасында көрсетілген субсидиялар оригиналор ауданның немесе облыстық маңызы бар қаланың ауыл шаруашылығы бөліміне (бұдан әрі – бөлім) немесе «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамына (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бірегей тұқымдарды өндіру жөніндегі шығындарды өтеуге субсидиялар алуға арналған өтінім берген жағдайда төленеді.

6. Осы Қағидалардың 3-тармағы 2) тармақшасында көрсетілген субсидиялар элиттұқымшар бөлімге немесе Мемлекеттік корпорацияға осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сатып алынған бірегей тұқымдарға субсидиялар алуға арналған өтінім берген жағдайда төленеді.

7. Осы Қағидалардың 3-тармағы 3) тармақшасында көрсетілген субсидиялар элиттұқымшар бөлімге немесе Мемлекеттік корпорацияға осы

Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша егіске пайдаланылған өзі өндірген бірегей тұқымдарға субсидиялар алуға арналған өтінім берген жағдайда төленеді.

8. Осы Қағидалардың 3-тармағы 4) тармақшасында көрсетілген субсидиялар 'тұқымшар бөлімге немесе Мемлекеттік корпорацияға осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сатып алған элиталық тұқымдарға субсидиялар алуға арналған өтінім берген жағдайда төленеді.

9. Осы Қағидалардың 3-тармағы 5) тармақшасында көрсетілген субсидиялар тұқымшар бөлімге немесе Мемлекеттік корпорацияға осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша егіске пайдаланылған өзі өндірген элиталық тұқымдарға субсидиялар алуға арналған өтінім берген жағдайда төленеді.

10. Осы Қағидалардың 3-тармағы 6) тармақшасында көрсетілген субсидиялар ауылшартауарөндіруші бөлімге немесе Мемлекеттік корпорацияға осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сатып алған бірінші көбейтілген тұқымдарға субсидиялар алуға арналған өтінім берген жағдайда төленеді.

11. Осы Қағидалардың 3-тармағы 7) тармақшасында көрсетілген субсидиялар ауылшартауарөндіруші бөлімге немесе Мемлекеттік корпорацияға осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сатып алған бірінші ұрпақ будандарының тұқымдарына субсидиялар алуға арналған өтінім берген жағдайда төленеді.

12. Осы Қағидалардың 3-тармағы 8) тармақшасында көрсетілген субсидиялар ауылшартауарөндіруші бөлімге немесе Мемлекеттік корпорацияға осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сатып алған әлеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің элиталық көшеттеріне субсидиялар алуға арналған өтінім берген жағдайда төленеді.

13. Ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші өзіне тиесілі субсидияларды төлеу туралы өтінімді осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша элиталық, бірінші көбейтілген тұқым және бірінші ұрпақ будандарының тұқымдарын немесе элиталық көшеттерді арзандатылған құны бойынша сатып алған элиттұқымшар немесе тұқымшар арқылы бере алады. Бұл жағдайда, субсидиялар осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің элиттұқымшар және тұқымшар арқылы берген өтінімдері негізінде қалыптастырылған жиынтық өтінімді бөлімге немесе Мемлекеттік корпорацияға ұсынатын элиттұқымшарға немесе тұқымшарға төленеді.

14. Элиттұқымшарлар, тұқымшарлар және ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер субсидиялауга жататын бірегей, элиталық, бірінші көбейтілген және бірінші ұрпақ будандарының тұқымдарын (бұдан әрі – тұқымдар) және элиталық көшеттерді тиесінше оригиналорлардан, элиттұқымшарлардан немесе тұқымшарлардан, тұқым өткізушилерден, шетелдік компаниялардан және олардың Қазақстан Республикасындағы ресми өкілдерінен сатып алады.

4-тарау. Субсидияларды есептеу тәртібі

15. Осы Қағидалардың З-тармағы 1), 2), 3), 4), 5) және 8) тармақшаларында көрсетілген субсидиялар облыстың жергілікті атқарушы органды белгілеген квоталар шегінде төленеді.

16. Субсидияларды төлеу сорттың немесе буданың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2009 жылғы 30 шілдедегі № 434 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында пайдалануға ұсынылатын селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізіліміне (бұдан әрі – Мемлекеттік тізілім) енгізілгенде (енгізілмегендігіне) байланысты жүзеге асырылады. Бұл ретте, субсидиялар осы Қағидаларға 11-қосымшада көрсетілген тұқымдардың және жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің элиталық көшеттеріне арналған субсидиялар нормативтерінен (бұдан әрі – субсидиялар нормативі) аспауы тиіс.

Субсидиялар нормативі:

1) Мемлекеттік тізілімге енгізілген сорттарға - тұқымдардың және элиталық көшеттердің толық құнының 70%-ы;

2) Мемлекеттік тізілімге енгізілмеген сорттарға - тұқымдардың және элиталық көшеттердің толық құнының 30%-ы есебінен белгіленген.

Тұқымдардың және элиталық көшеттердің құны есептелген субсидиялар нормативі есептелген құннан төмен болған жағдайда, субсидиялардың есебі нақты құн бойынша осы тармақтың үшінді және төртінші абзацтарында көрсетілген субсидиялар көлемдерін есепке ала отырып жүргізіледі.

Тұқымдардың және элиталық көшеттердің құны субсидиялар нормативі есептелген құннан жоғары болған жағдайда, субсидия субсидиялар нормативіне тең.

5-тарау. Субсидияларды төлеу тәртібі және субсидиялау жөніндегі есептілік

17. Бөлім аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдігінің интернет-ресурсында және жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында субсидиялар алуға арналған құжаттарды қабылдау мерзімін көрсете отырып, субсидиялау бағдарламасына катысу үшін өтінім қабылдаудың басталғаны туралы хабарландыру жариялауды қамтамасыз етеді.

18. Бөлім өтінім беруші (оригинатор, элиттұқымшар немесе тұқымшар, ауылшартауарендерші) немесе Мемлекеттік корпорация субсидия алуға тиісті өтінім ұсынған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде оларды осы Қағидалардың 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12 және 13-тармақтарында көрсетілген таланттарға сәйкестігі және олардың толық толтырылуы түрғысынан тексереді.

Элиттұқымшарға немесе тұқымшарға субсидиялар алуға құқық берілген жағдайда, бөлім осы Қағидаларға 12-қосымшага сәйкес нысан бойынша тиесілі субсидияларды төлеу туралы өтінімдер берілген элиттұқымшарлар және

тұқымшарлар тізілімін жасайды және оны облыстың ауыл шаруашылығы басқармасына (бұдан әрі – облыс басқармасы) жолдайды.

19. Өтінімді тексеру аяқталғаннан кейін екі жұмыс күні ішінде, бөлім:

өтініш берушіге субсидиялар беруге оң шешім қабылданған жағдайда – осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша оны тиесілі субсидиялар төлеу туралы макұлдаған өтінімдердің тізіміне енгізеді.

теріс шешім қабылданған жағдайда – субсидиялар беруден бас тарту негіздерін көрсете отырып, өтініш берушіні немесе Мемлекеттік корпорацияны жазбаша хабардар етеді және осы Қағидаларға 14, 15-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша субсидиялар беруден бас тарту негіздерін көрсете отырып, субсидиялар беруге теріс шешім қабылданған өтініш берушілердің тізбесін жасайды;

облыс басқармасына тиесілі субсидиялар төлеу туралы макұлдаған өтінімдердің тізімін және субсидиялар беруге теріс шешім қабылданған өтініш берушілердің тізбесін жолдайды.

20. Облыс басқармасы тиесілі субсидиялар төлеу туралы макұлдаған өтінімдердің тізімі келіп түскеннен кейін үш жұмыс күні ішінде қазынашылықтың аумақтық бөлімшесіне өтініш берушілердің шотына тиесілі субсидияларды аудару үшін төлем шоттары тізілімін және (немесе) төлем шотын ұсынады.

Бұл ретте, облыс басқармасы ауыл шаруашылығы тауарын өндірушінің тұқымды немесе элиталық көшеттерді субсидиялауға арналған өтінімді ездігінен беруі және осы ауыл шаруашылығы тауарын өндірушінің өтінімді элиттұқымшар немесе тұқымшар арқылы беруі фактілерін тексереді.

Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің тиесілі субсидияларды төлеу туралы өтінімдер беруі фактілерін анықтаған жағдайда, облыс басқармасы элиттұқымшар және тұқымшар арқылы берілген ауыл шаруашылығы тауарын өндірушінің өтінімін қабылдаудан бас тартады, бұл жағдайда ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші элиттұқымшарға немесе тұқымшарға тұқымдардың немесе элиталық көшеттердің нарықтық құны мен оларға төленген сома арасындағы айырмашылықты қосымша төлейді.

Элиттұқымшардың немесе тұқымшардың көрсетілген элиттұқымшарға және тұқымшарға тиесілі субсидияларды төлеу туралы өтінім ұсынған басқа облыстың ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілеріне тұқым еткізген элиттұқымшарлардың және тұқымшарлардың жыныстық тізілімін жасайды және аталған ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге субсидия төлеуге жол бермеу мақсатында оны аумағында ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің егіс аландары орналасқан облыс басқармасына жолдайды.

21. Субсидиялар беруден бас тартуға негіздер:

1) оригиналатор, элиттүкшімшар, түкшімшар немесе ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші субсидияны алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігін анықтау;

2) субсидиялар алу үшін қажетті ұсынылған деректер мен мәліметтердің осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;

3) оригиналаторға, элиттүкшімшарға, түкшімшарға немесе ауыл шаруашылығы тауарын өндірушіге қатысты оның қызметіне немесе субсидиялар алуды қажет ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы;

4) оригиналаторға, элиттүкшімшарға, түкшімшарға және ауыл шаруашылығы тауарын өндірушіге қатысты соттың заңды күшіне енген үкімінің болуы, оның негізінде ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші, элиттүкшімшар және түкшімшардың субсидиялар алумен байланысты арнаулы құқығынан айырылуы болып табылады.

22. Жергілікті бюджетте көзделген тиісті қаржы жылына арналған бюджет қаражаты толық игерілген және қосымша қаражат болмаған жағдайда, өтінімдерді қабылдау тоқтатылады.

23. Облыс басқармасы Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы министрлігіне бірінші жартышқылдықтың қорытындысы бойынша 10 шілдеден кешіктірмей, ал жылдың қорытындысы бойынша есепті жылдан кейінгі жылдың 20 қантарынан кешіктірмей, субсидия алушылар бөлінісінде берілген субсидиялар туралы жиынтық ақпарат ұсынады.

Осы Қағидаларға 17-қосымшага сәйкес нысан бойынша түкшім шаруашылығын дамытуға берілген субсидиялар туралы жиынтық ақпарат облыстың жергілікті атқарушы органының интернет-ресурстарында жылына бір рет, тиісті жылдың 31 желтоқсанынан кешіктірмей орналастырылады.

Тұқым шаруашылығын дамытуды
субсидиялау қағидаларына
1-қосымша

Нысан

_____ ауданының
(облыстық маңызы бар қаланың)
ауыл шаруашылығы бөліміне

**Бірегей тұқымдарды өндіру жөніндегі шығындарды өтеуге
субсидиялар алуға арналған өтінім**

атынан

(оригинатордың атауы)

негізінде

(құрылтай құжаты)

әрекет ететін басшысы (не сенімхат бойынша оның өкілі) _____

(тегі, аты, экесінің аты (жеке басын куәландыратын құжатта бар болса), лауазымы)
осымен _____ тонна мөлшеріндегі

(ауыл шаруашылығы дақылы, сорты)

бірегей тұқымдарды (бұдан әрі –
тұқымдар) өндіру жөніндегі шығындарды өтеуге субсидиялар төлеуді сұрайды.

№	Деректер көзі*	Қажетті мәліметтер	Деректер
1	2	3	4
1.	Занды тұлға үшін – мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік**немесе анықтама	БСН*** тіркеу нөмірі тіркеу күні атауы орналасқан жері мемлекеттік тіркеу күні кім берді	
2.	Жеке тұлға үшін – жеке басын куәландыратын құжат	жеке басын куәландыратын құжат нөмірі ЖСН*** кім берді берілген күні	
3.	Жер участкесіне	актінің нөмірі	

	сәйкестендіру және (немесе) құқық белгілеу құжаты	кадастрық нөмірі барлық аланы, гектар оның ішінде егістік, гектар нысаналы мақсаты сәйкестендіру құжатының нөмірі және берілген күні, кім берді жер участкесінің меншік иесінің немесе жер пайдаланушының атауы	
4.	Ағымдағы шотының баржогы туралы екінші деңгейдегі банктің немесе Ұлттық пошта операторының анықтамасы	ЖСН/БСН*** Кбे*** банктің немесе Ұлттық пошта операторының деректемелері: банктің немесе Ұлттық пошта операторының атауы БСК*** ЖСК*** БСН*** Кбе***	
5.	Егістерді байқаудан өткізу актісі	нөмірі жасалған күні дақыл, сорт (будан), репродукция	
6	Тұқымдарды кіріске алу актісі	берілген күні нөмірі көлемі	
7	Тыңайтқыштарды, фунгицидтерді сатып алуға арналған шарт (органикалық егін шаруашылығы болған жағдайда органикалық өнімдерді өндіруді растайтын сәйкестік сертификатының бар болуы)	шарттың нөмірі шарт жасалған күн қызметтерді жеткізуші сәйкестік сертификатының нөмірі және берілген күні	

Ескертпе:

* етінім берушіден көрсетілген құжаттардың түпнұсқаларын және көшірмелерін талап етуге жол берілмейді;

** «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан

Республикасының Заны колданысқа енгізілгенге дейін берілген заңды тұлғаны (филиалды, өкілдікті) мемлекеттік (есептік) тіркеу (кайта тіркеу) туралы күәлік заңды тұлға қызметін тоқтатқанға дейін қолданыста болады;

*** аббревиатуралардың толық жазылуды:

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;

ЖСК – жеке сәйкестендіру коды;

БСК – банктік сәйкестендіру коды;

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

ҚҚС – қосылған құн салығы;

Кбе – бенефициар коды.

Тиесілі субсидиялар есебі*

№	Дақылдың атауы	Сорттың (буданың) атауы	Репродукция	Өндірілген тұқым, тонна	1 тоннага субсидиялар нормативі, теңге	Тиесілі субсидиялардың сомасы, теңге (5-б. х 6-б)
1	2	3	4	5	6	7

Ескертпе:

*Есептеу Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 12 желтоқсандағы № 4-2/664 бүйрігімен бекітілген Тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялау қағидаларының 16-тармағына сәйкес жүргізіледі (Нормативтік күкүйктық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10190 болып тіркелген).

Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растигымын және дұрыс емес мәліметтер ұсынғаным үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапкершілік туралы хабардармын.

Ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Басшы (не сенімхат бойынша оның өкілі):

(колы)

(тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын күәландыратын құжатта бар болса))

Мөр орны (бар болса)

20 жылғы «__» __

Өтінім 20 жылғы «__» __ қарауға қабылданды және № __ болып тіркелді.

(колы)

(өтінімді қабылдаған жауапты адамның тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын күәландыратын құжатта бар болса))

(кесу сзығы)

Талон

Өтінім № _____
20 жылғы « ____ » сағат ____ минутта қарauғa қabылданды.

_____ (коло)

(өтінімді қабылдаған жауапты адамның тегі, аты, әкесінің аты
(бар болған жағдайда))

Тұқым шаруашылығын дамытуды
субсидиялау қағидаларына
2-қосымша

Нысан

ауданының
(облыстық маңызы бар қаланың)
ауыл шаруашылығы бөліміне

Сатып алған бірегей тұқымдарға субсидиялар алуға арналған өтінім

атынан

(элиталық тұқым өсіру шаруашылығының атауы)

негізінде

(құрылтай құжаты)

әрекет ететін басшысы (не сенімхат бойынша оның өкілі) _____

(тегі, аты, экесінің аты (жеке басын күэландыратын құжатта бар болса), лауазымы)

осымен _____ тонна мөлшеріндегі егіс жұмыстарын өткізу үшін
пайдаланылған _____

(ауыл шаруашылығы дақылы, сорты (бұдан))

бірегей тұқымдарды (бұдан әрі –
тұқымдар) сатып алу жөніндегі шығындарды өтеуге субсидиялар төлеуді
сұрайды.

№	Деректер көзі*	Қажетті мәліметтер	Деректер
			2
1.	Занды тұлға үшін – мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік**немесе анықтама	БСН***	
		тіркеу нөмірі	
		тіркеу күні	
		атауы	
		орналасқан жері	
		мемлекеттік тіркеу күні	
		кім берді	
2.	Жеке тұлға үшін – жеке басын күэландыратын құжат	жеке басын күэландыратын құжат нөмірі	
		ЖСН***	
		кім берді	
		берілген күні	
		актінің нөмірі	
3.	Жер участкесіне		

	сәйкестендіру және (немесе) күдкүк белгілеу құжаты	кадастрық нөмірі барлық алаңы, гектар оның ішінде егістік, гектар нысаналты мақсаты сәйкестендіру құжатының нөмірі және берілген күні, кім берді жер участкесінің меншік иесінің немесе жер пайдалануышының атауы	
4.	Aғымдағы шотының баржогы туралы екінші деңгейдегі банктің немесе Ұлттық пошта операторының анықтамасы	ЖСН/БСН*** Кбе*** банктің немесе Ұлттық пошта операторының деректемелері: банктің немесе Ұлттық пошта операторының атауы БСК*** ЖСК*** БСН*** Кбе***	
5.	Сатып алынған тұқымдарға бастапқы төлем құжаттары, тұқымдарды жөнелтуге жүк құжаттар	нөмірі (шот-фактуралар, кіріс және шығыс кассалық ордерлер және (немесе) төлем тапсырмалары) берілген күні тұқым сатушының атауы тұқым сатушының орналасқан жерінің мекенжайы тұқым сатушының ЖСК*** тауар-көлік жүккүжатының нөмірі дақыл, сорт (будан), реңродукция өлшем бірлігі мөлшері (көлемі) ҚҚС-пен*** бағасы (тенге) барлық өткізу құны	
6	Тұқымдардың сорттық және себу саласын растайтын	берілген күні нөмірі	

	құжаттар	кім берді	
7	Тыңайтқыштарды, фунгицидерді сатып алуға арналған шарт (органикалық егін шаруашылығы болған жағдайда органикалық өнімдерді өндіруді растайтын сәйкестік сертификатының бар болуы)	шарттың нөмірі шарт жасалған күн қызметтерді жеткізуші сәйкестік сертификатының нөмірі және берілген күні	
8	Қазақстан Республикасының қорғалатын өсімдік сорттарының мемлекеттік тізіліміне енгізілген сорттардың тұқымдары үшін патент иесімен (оригинатормен) лицензиялық шарт	шарттың нөмірі шарт жасалған күн	
9	Тұқымдарды сатып алуға оригиналормен, сатушымен немесе шетелдік компания шарт	шарттың нөмірі шарт жасалған күн	
10	Элиталық тұқымдарды өндіру жоспары	жоспар бекітілген күн	
11	Мақта тұқымын химиялық әдіспен өндеуге арналған шарт туралы ақпарат****	шарт нөмірі шарт жасалған күн тұқымдарды химиялық әдіспен жалаңаштау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді жеткізуші актіге сәйкес жұмыстардың орындалған күні	

Ескертпе:

* отінім берушіден көрсетілген құжаттардың түпнұсқаларын және көшірмелерін талап етуге жол берілмейді;

** «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері бойынша езгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы қолданысқа енгізілгенге дейін берілген заңды тұлғаны (филиалды, өкілдікті) мемлекеттік (есептік) тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік заңды тұлға қызметін тоқтатқанға дейін қолданыста болады;

*** аббревиатуралардың толық жазылуы:

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;

ЖСК – жеке сәйкестендіру коды;
БСК – банктік сәйкестендіру коды;
БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;
ҚҚС – қосылған күн салығы;
Кбе – бенефициар коды;
***кестенің 11-жолында көрсетілген мәліметтер импортталағын макта тұқымдарын қоспаганда, макта тұқымдарын сатып алған кезде толтырылады.

Тиесілі субсидиялар есебі*

№	Дақылдың атауы	Сорттың (бұданың) атауы	Репро-дукция	Тұқымдар сатып алынды, тонна	1 тонна тұқымның нақты бағасы, теңге	1 тоннага субсидиялар нормативі, теңге	Тиесілі субсидиялардың сомасы, теңге (5-б. x 7-б.)
1	2	3	4	5	6	7	8

Ескерте:

*Есептеу Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 12 желтоқсандағы № 4-2/664 бүйрекмен бекітілген Тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялау қағидаларының 16-тармағына сәйкес жүргізіледі (Нормативтік күкүйктық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10190 болып тіркелген).

Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын, растаймын және дұрыс емес мәліметтер ұсынғаным үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапкершілік туралы хабардармын.

Ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Басшы (не сенімхат бойынша оның өкілі):

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын күэландыратын құжатта бар болса))

Мер орны (бар болса)

20__ жылғы «__»

Өтінім 20__ жылғы «__» қарауга қабылданды және № __ болып тіркелді.

(қолы) (өтінімді қабылдаған жауапты адамның тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын күэландыратын құжатта бар болса))

(кесу сзығы)

Талон

Отінім №_____
20 жылғы «___» сағат ___ минутта қарauғa қabылданды.

(көлі)(өтінімді қабылдаған жауапты адамның тегі, аты, экесінің аты
(бар болған жағдайда))

Тұқым шаруашылығын дамытуды
субсидиялау қағидаларына
3-қосымша

Нысан

ауданының
(облыстық маңызы бар қаланың)
ауыл шаруашылығы бөліміне

**Егіске пайдаланылған өзі өндірген бірегей тұқымдарға
субсидиялар алуға арналған өтінім**

атынан _____
(элиталық тұқым өсіру шаруашылығының атауы)
негізінде
(күрьылтай құжаты)
әрекет ететін басшысы (не сенімхат бойынша оның өкілі) _____
(тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын куәландыратын құжатта бар болса), лауазымы)
осымен _____ тонна мөлшерінде егіс жұмыстарын өткізу үшін
пайдаланылған _____
(ауыл шаруашылығы дақылы, сорты (будан))
өзі өндірген бірегей тұқымдар (бұдан әрі –
тұқымдар) үшін субсидиялар төлеуді сұрайды.

№	Деректер көзі*	Кажетті мәліметтер	Деректер
1	2	3	4
1.	Занды тұлға үшін – мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы күәлік** немесе анықтама	БСН*** тіркеу нөмірі тіркеу күні атауы орналасқан жері мемлекеттік тіркеу күні кім берді	
2.	Жеке тұлға үшін – жеке басын куәландыратын құжат	жеке басын куәландыратын құжат нөмірі ЖСН*** кім берді берілген күні	

3.	Жер участкесіне сәйкестендіру және (немесе) күкүқ белгілеу құжаты	актінің нөмірі
		кадастрық нөмірі
		барлық алаңы, гектар
		соның ішінде егістік, гектар
		нысаналы мақсаты
		сәйкестендіру құжатының нөмірі және берілген күні, кім берді
4.	Ағымдағы шотының баржогы туралы екінші деңгейдегі банктің немесе Ұлттық пошта операторының анықтамасы	ЖСН/БСН***
		Кбе***
		банктің не Ұлттық пошта операторының деректемелері:
		банктің не Ұлттық пошта операторының атауы:
		БСК***
		ЖСК***
		БСН***
5.	Егістерді байқаудан өткізу актісі	Кбе***
		нөмірі
		жасалған күні
6.	Тұқымдарды пайдалану актісі	дақыл, сорт (будан), репродукция
		күні
		нөмірі
7.	Тұқымдарды егу туралы ақпарат	көлемі
		танап нөмірі
		алаң, гектар
		дақыл, сорт (будан), репродукция
		көлемі
8	Тыңайтқыштарды, фунгицидтерді сатып алуға арналған шарт (органикалық егін шаруашылығы болған жағдайда органикалық өнімдерді өндіруді растайтын сәйкестік сертификатының бар болуы)	шарттың нөмірі
		шарт жасалған күн
		көрсетілетін қызметті жеткізуші
		сәйкестік сертификатының нөмірі және берілген күні



Handwritten signatures are present at the bottom of the page, corresponding to the signatures in the table above. There are four distinct signatures in black ink.

9	Элиталық тұқымдардың жоспар бекітілген күн өндіру жоспары	
---	--	--

Ескеptie:

* өтінім берушіден көрсетілген құжаттардың түпнұсқаларын және көшірмелерін талап етуге жол берілмейді;

** «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы қолданысқа енгізілгенге дейін берілген заңды тұлғаны (филиалды, өкілдікті) мемлекеттік (есептік) тіркеу (кайта тіркеу) туралы куәлік заңды тұлға қызметін тоқтатқанға дейін қолданыста болады;

*** абревиатураудардың толық жазылуы:

ЖСН – жеке сәйкестендіру немірі;

ЖСК – жеке сәйкестендіру коды;

БСК – банктик сәйкестендіру коды;

БСН – бизнес-сәйкестендіру немірі;

ҚҚС – қосылған күн салығы;

Кбе – бенефициар коды.

Тиесілі субсидиялар есебі*

№	Дақылдың атауы	Сорттың атауы	Репродукция	Тұқымдар пайдаланылды, тонна	1 тоннға субсидиялар нормасы, теңге	Тиесілі субсидиялардың сомасы, теңге (5 б. x 6 б)
1	2	3	4	5	6	7

Ескеptie:

*Есентеу Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 12 желтоқсандағы № 4-2/664 бүйрұғымен бекітілген Тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялау қагидаларының 16-тармагына сәйкес жүргізіледі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10190 болып тіркелген).

Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймын және дұрыс емес мәліметтер ұсынғаным үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапкершілік туралы хабардармын.

Ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қоргалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Басшы (не сенімхат бойынша оның өкілі):

(қолы)

(тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын куәландыратын құжатта бар болса))

Мөр орны (бар болса)

20 жылғы «__» _____

Отінім 20 жылғы «__» ____ қарауға қабылданды және № __ болып тіркелді.

(қолы)

(өтінімді қабылдаған жауапты адамның тегі, аты, әкесінің аты
(жеке басын күэландыратын құжатта бар болса))

(кесу сзығы)

Талон

Отінім №_____

20 жылғы «__» ____ сағат ____ минутта қарауға қабылданды.

(қолы)

(өтінімді қабылдаған жауапты адамның тегі, аты, әкесінің аты
(бар болған жағдайда))

Тұқым шаруашылығын дамытуды
субсидиялау қағидаларына
4-қосымша

Нысан

ауданының
(облыстық маңызы бар қаланың)
ауыл шаруашылығы бөліміне

**Сатып алғынған элиталық тұқымдарға субсидиялар алуға
арналған өтінім**

атынан
(тұқым өсіру шаруашылығының немесе ауыл шаруашылығы тауарын өндірушінің атаусы)
негізінде
(күрүлтай құжаты)
әрекет етегін басшысы (не сенімхат бойынша оның өкілі) _____

(тегі, аты, экесінің аты (жеке басын куәландыратын құжатта бар болса), лауазымы)
осымен _____ тонна мөлшеріндегі егіс жұмыстарын өткізу үшін
пайдаланылған _____
(ауыл шаруашылығы дақылы, сорты)
элиталық тұқымдарды (бұдан әрі –
тұқымдар) сатып алу жөніндегі шығындарды өтеуге субсидиялар төлеуді
сұрайды.

№	Деректер көзі*	Қажетті мәліметтер	Деректер
1	2	3	4
1.	Заңды тұлға үшін – мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік**немесе анықтама	БСН*** тіркеу нөмірі тіркеу күні атаусы орналасқан жері мемлекеттік тіркеу күші кім берді	
2.	Жеке тұлға үшін – жеке басын куәландыратын құжат	жеке басын куәландыратын құжат нөмірі ЖСН*** кім берді берілген күні	

Handwritten signatures and initials are present at the bottom of the page, indicating approval or verification of the document.

3.	Жер участкесіне сәйкестендіру және (немесе) күкің белгілеу күжаты	актінің нөмірі кадастрық нөмірі барлық алаңы, гектар оның ішінде егістік, гектар нысаналы мақсаты сәйкестендіру күжатының нөмірі және берілген күні, кім берді жер участкесінің меншік иесінің немесе жер пайдалануышының атауы	
4.	Ағымдағы шотының баржогы туралы екінші деңгейдегі банктің немесе Ұлттық пошта операторының анықтамасы	ЖСН/БСН*** Кбे*** банктің немесе Ұлттық пошта операторының деректемелері: банктің немесе Ұлттық пошта операторының атауы БСК*** ЖСК*** БСН*** Кбе***	
5.	Сатып алғынған тұқымдарға бастапқы төлем күжаттары, тұқымдарды тиеп-жөнелтуге жүк күжаттар	нөмірі (шот-фактура, кіріс және шығыс кассалық ордерлер және (немесе) төлем тапсырмалары) берілген күні тұқым сатушының атауы тұқым сатушының орналасқан жерінің мекенжайы тұқым сатушының ЖСК*** тауар-көлік жүккүжатының нөмірі дақыл, сорт, репродукция өлшем бірлігі мөлшері (көлемі) ККС-пен*** бағасы (тенге) барлық өткізу күны	
6	Тұқымдардың сорттық және	нөмірі	

	себү сапасын растайтын күжаттар	берілген күні кім берді	
7	Тыңайтқыштарды, фунгицидтерді сатып алуға арналған шарт (органикалық егін шаруашылығы болған жағдайда органикалық өнімдерді өндіруді растайтын сәйкестік сертификатының бар болуы)****	шарттың нөмірі шарт жасалған күн көрсетілетін қызметтерді жеткізуі сәйкестік сертификаттың нөмірі және берілген күні	
8	Тұқымдарды сатып алуға элиталық тұқым шаруашылығымен, сатушымен немесе шетелдік компания шарт	шарттың нөмірі шарт жасалған күн	
9	Бірінші көбейтілген тұқымдарды өндіру жоспары	жоспар бекітілген күн	
10	Макта тұқымын химиялық әдіспен өндеуге арналған шарт туралы ақпарат*****	шарттың нөмірі шарт жасалған күн тұқымдарды химиялық әдіспен жалаңаштау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді жеткізуі актіге сәйкес жұмыстардың орындалған күні	

Ескертпе:

* етінім берушіден көрсетілген құжаттардың түпнұсқаларын және көшірмелерін талап етуге жол берілмейді;

** «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы қолданысқа енгізілгенге дейін берілген заңды тұлғаны (филиалды, өкілдікті) мемлекеттік (есептік) тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік заңды тұлға қызметін тоқтатқанға дейін қолданыста болады;

*** абревиатуралардың толық жазылуы:

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;

ЖСК – жеке сәйкестендіру коды;

БСК – банктік сәйкестендіру коды;

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

ҚҚС – қосылған күн салығы;

Кбе – бенефициар коды;

**** кестенің 7-жолында көрсетілген мәліметтерді тек тұқым шаруашылықтары толтырады;

***** кестенің 10-жолында көрсетілген мәліметтер импортталаатын макта тұқымдарын қослағанда, макта тұқымдарын сатып алған кезде толтырылады.

Тиесілі субсидиялар есебі*

№	Дақылдың атауы	Сорттың, (бұданың) атауы	Репродукция	Тұқымдар сатып алынды, тонна	1 тонна тұқымның нақты бағасы, теңге	1 тоннаға субсидиялар нормативі, теңге	Тиесілі субсидиялардың сомасы, теңге (5-б. x 6-б.)
1	2	3	4	5	6	7	8

Ескертпе:

*Есептеу Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 12 желтоқсандағы № 4-2/664 бүйрекшімен бекітілген Тұқым шаруашылығын дамытууды субсидиялау қағидаларының 16-тармагына сәйкес жүргізіледі (Нормативтік құқылдықтартылған мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10190 болып тіркелген).

Сатып алынған элиталық тұқымдарды одан әрі бірінші репродукцияға дейін пайдалануға міндеттенемін.*

Ескертпе:

*ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілері үшін қолданылады.

Ұсынылған ақпараттың дұрыстырылуын растаймын және дұрыс емес мәліметтер ұсынғаным үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапкершілік туралы хабардармын.

Ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Басшы (не сенімхат бойынша оның өкілі):

(қолы)

(тегі, аты, экесінің аты (жеке басын куәландыратын құжатта бар болса))

Мер орны (бар болса)

20_жылғы «__» _____

Өтінім 20_ жылғы «__» ____ қарауга қабылданды және № __ болып тіркелді.

(қолы)

(өтінімді қабылдаған жауапты адамның тегі, аты, экесінің аты (жеке басын куәландыратын құжатта бар болса))

(кесу сзығы)

Талон

Өтінім №_____

20__ жылғы «___» ____ сағат ____ минутта қарauғa қabылданды.

(қолы)

(етінімді қабылдаған жауапты адамның тегі, аты, әкесінің аты
(бар болған жағдайда))

Тұқым шаруашылығын дамытуды
